

The article deals with the problem of language and logic correlation of grammatical sentence and logical judgment as well as language and logic conceptual

apparatus in Abu Bakr ben as-Sarrage and Abu Nasr al-Faraby works.

А. Токкарина

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ТЕРМИНДЕРДІ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ АУДАРУДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазіргі кезде қазақ терминологиясы қазақ әдеби тілінің дербес тармағын құрап, өзіндік құрылымдық ерекшеліктері мен өзіне тән заңдылықтарымен сипатталады. Қазақ терминологиясының қалыптасуына әр кезең өз “таңбасын” қалдырған. Қоғамдағы мемлекет пен жеке адам арасындағы қарым-қатынастарды реттеп отыратын ереже нұсқаларының пайда болуы ана тіліміздегі заң терминдерінің қалыптасып, құқықтық норма ұғымдарының нақтылануына әсерін тигізді, құқықтық нормалардың жүзеге асуына байланысты дипломатиялық терминдер қатары көбейіп, тұрақтана бастады.

Қазақстанда ғылым мен білімге назар аударылып, оқу-ағарту жұмыстарының жандана бастауы XIX ғасырдың екінші жартысынан басталады. Қазақ газетінің шығуы мен оқулықтардың басылуы ғылыми терминология іргесінің қалануына негіз болды. Ғылымның дамуына байланысты жаңа терминдердің қатары да молая түсті.

XX ғасырдың басындағы қазақ тіл білімінің терминологиясының негізін қалаушы, қазақ терминологиясын қалыптастырудың тұңғыш ғылыми қағидаларын жасаушы А. Байтұрсынұлы болды. Ғылымның қазақ терминологиясының қалыптасуы мен дамуындағы атқарған еңбегін ерекше атауға болады. А. Байтұрсынұлы қазақ тілі саласына қатысты фонетика, грамматика категорияларын зерттеген, лингвистикалық парадигмаларды анықтауда терминжасам тәсілдерін кеңінен пайдаланған. А. Байтұрсынұлы жасаған зат есім, сын есім, етістік, есімше, көсемше, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, сөйлем, қаратпа сөз, қыстырма сөз, леп белгісі, сұрау белгісі сияқты т.б. терминдер өздері атап тұрған категориялардың терминдік мағынасын дәл, нақ білдіреді. Сондықтан бұл терминдер қазақ тіл білімінде мықтап орнықты. А. Байтұрсынұлының термин жасаудағы ұстанған басты ұстанымы терминжасамда қазақ тілінің өз мүмкіндігін молынан пайдалану болды.

Тілдің дипломатия саласында қызмет етуі дипломатиялық терминологияның қалыптасуымен тікелей байланысты. Мемтерминком тарапынан бекітілген, орыс тілі арқылы енген терминдердің баламаларының немесе қазақ тіліндегі нақ баламасының ана тілімізде қолда-

нысқа түсуіне, олардың терминдер қатарынан орын алуына, үйреншікті терминдерімізге айналып сөздік қорымызды байыта түсуіне жағдай жасау, жалпы тіл дамуына нұқсан келтірмей, терминология саласындағы табиғи үйлесімділікті сақтай отырып, халықаралық терминдер мен кірме терминдерді жүйелі түрде өз ана тілімізге аудару, нақ, дәл баламаларын беру – тіл мамандарының басты міндеті.

Қазақ дипломатиялық терминологиясының 70 пайызын, ағылшын дипломатиялық терминологиясының 60 пайызын интернационалдық терминдер құрайды.

Қазіргі қазақ дипломатиялық терминдер құрамында латын, араб, парсы, орыс сөздерінің мол қоры бар. Қазақ тіліндегі дипломатиялық терминдердің құрамында халықаралық терминдер біздің зерттеуіміз бойынша шыққан тегіне қарай төмендегідей көрсеткішке ие.

Қазақ дипломатиялық терминдері қатарында орыс тілінен енген не орыс тілі арқылы шет тілдерден енген атаулар сан жағынан басымырақ. Олар дипломатиялық терминдер қатарынан тұрақты орын алған. Мысалы, дипломатиялық терминдердің калька тәсілімен жасалғандарына қаз. геосаясат – орыс. геополитика - қыт. 地 政治学; қаз. кері шақыру – орыс. отзывные грамоты грамоталары – қыт. 召回公文 т.б. жатса, кірме (дипломатиялық) терминдерге қаз. держава– орыс. держава– қыт. 权力; қаз. пакт – орыс. пакт– қыт. 条约、公 同 т.б. жатады. Сондай-ақ дипломатиялық “консул” термині Ежелгі Римде “жоғарғы лауазымдағы тұлғаның қызметін” білдірген, латын тілінен дипломатиялық термин ретінде ағылшын тіліне енген, кейінірек неміс және орыс тілдеріне, орыс тілі арқылы қазақ тіліне енген.

Қазіргі қазақ тіл білімінде кірме терминдер туралы ғалымдардың көзқарастары әртүрлі. Мәселен, академик Ә. Қайдаровтың пікірінше, терминологиялық лексиканың 70 пайыздайы аударуға келе бермейтін интернационалдық ортақ қордан тұрады, қазақ тіліне тән терминдер 30 пайызды құрайды; термин “интернационалдық термин” санатына кіру үшін кем дегенде жер жүзіндегі ең ірі деген 5-6 дербес тілдің қол-

данасында жүріп, халықаралық деңгейде таны- мал болуы керек [1, 39].

Тіл-тілде халықаралық терминдерді қабылдаудың төрт жолы белгілі:

- 1) ана тілінде баламасын табу;
- 2) аудару;
- 3) жаңадан сөз жасау;
- 4) халықаралық терминдердің өзін алу.

Халықаралық терминдер кей жағдайда біздің ана тіліміздің грамматикалық және дыбыстық жүйесіне бағынып, бірден сіңісіп кете алмайды. Сол себептен бұл терминдерді екі категорияға бөліп қарастыруға болады:

1. Дыбыстық өзгеріске ұшырамаған халықаралық дипломатиялық терминдер, а) қазақ тілінде: *акт, атташе, виза, декларация, дипломат, консул, меморандум, модус вивенди, модус проседенди, мораторий, мутатис мутандис, персоне грата, персоне нон грата, преамбула, статус-кво* т.б.;

ә) *ағылшын тілінде: agreement, Anschluss, apartheid, Demarche, détente, de facto, doyen, internuncio, casus belli, carte blanche, consensus, consul, memorandum, modus vivendi, modus procedendi, mutatis mutandis, nuncio, pact, persona grata, preamble, pro memoria, proces-verbal, charge d'affaires, status quo, exequatur және т.б.*

2. Дыбыстық жүйені ескере отырып, тілдік заңдылықтарға бағына қабылданған халықаралық дипломатиялық терминдер, а) қазақ тілінде: *аккредитивтеу, аутентикалық, дезавуирлау, дипломатиялық агенттік, дипломатиялық иммунитеттер, демилитаризацияланған, еуропалық, консулдық, парафирлеу, прогрессііл, трактат, ядролық* т.б.;

ә) *ағылшын тілінде: aggression, acclamation, accreditation, accredited, alternation, annexation, authentic, capitulation, coalition, consular, confrontation, diplomatic, emigration, legalization, notification, preference, prolongation, ratification, resolution, visiting-card, vice-consul және т.б.*

Кірімәсөздер-тілдік қарым-қатынас, байланыс кезінде бір тілден екінші тілге ауысып, қабылданған сөздермен тілдік элементтер. Қазақ тілінде көне дәуірлерде енген қытай, үнді, парсы сөздері кездеседі.

Сыртқа шығарылатын тауардан, мүліктен т.б. алынатын үкімет салығы: қазақ тілінде “баж салығы”, ағылшынша “customs duties”, орысша “таможенная пошлина”. “Пошлина”, “таможенная пошлина” терминдерінің екеуі де қазақ тіліне “баж салығы” деп аударылады. “Баж” (қытай тілінен енген кірме сөз) экономика саласында “мемлекет аралығындағы экспорт үшін алынатын ақшалай салық” дегенді білдіреді [2, 71].

Алғашқы тарауларда біз дипломатиялық

терминдердің теориялық негіздемесін қарастырумен айналыстық. Қай ғылымда болмасын теориялық негіздеме ең алдымен келесі қадамдағы практикалық қолданыс үшін өте маңызды. Терминологияның теориясын зерттеу – негізінен тіл мамандарының жұмысы. Олардың зерттеу нәтижелері практикалық тұрғыда қолданыста өз септігін тигізуі тиіс. Біздің зерттеу нысаны болып тұрған екі тіл – қазақ және қытай тіліндегі дипломатиялық терминдерді дипломатия саласында жұмыс істейтін мамандар қолданысына тиімді болатындай етіп дипломатиялық лексикадағы сөздер мен сөз тіркестерін келесі категориялар бойынша аудардық:

1. Әдетте қолданыстағы сөздер (一般用语);
2. Дипломатиялық органдар құрылымы, қызметкерлер (外交机构、人员);
3. Дипломатиялық қызмет, атқарылатын шаралар (外交事务、外事活动);
4. Халықаралық жиналыстар, мәжілістер (国际会议);
5. Келісім мен шарттар (条约、协定);

Айтып кеткеніміздей, қазақ және қытай тілдерінде терминдік тіркестің жасалу жолдары мен дамуы, байланысу формалары әртүрлі болғандықтан, терминдік тіркес шеңберінде параллелизмнің болуына жол берілмейді. Сонымен қатар, бүгінгі таңда қытай тілінен қазақ тілге тікелей аудару теориясы біздің елімізде зерттеу жұмыстары әлі де мықты жолға қойылмаған деуге болады. Салалық терминдерді аудару барысында аударылған сөз де термин талабын орынату тиіс, яғни дәлдік, нақтылық, сәйкестілік сақталуы тиіс. Дегенмен, сөз тіркестерді, дипломатиялық практикада жиі қолданылатын сөз орамдарын аудару барысында аударылатын тіл ерекшеліктерін ескере отырып, семантикалық, синтаксистік байланыстар да маңызды роль атқарады. Мәселен, аударылған сөз орамдарын іс жүзінде қазақ тілінде қолдану сөйлеуші мен тыңдаушының құлағына жағымды, әрі жайлы естілуін қамтамасыз етеді.

1. Әдетте қолданыстағы сөздер мен сөз тіркестер (一般用语):

互不侵犯 – өзара шабуыл жасаспау (туралы пакт);

平等互利 – теңдік және өзара тиімді (қатынастар);

和平共处 – бейбіт қатар өмір сүру;

对外开放政策 – «ашық есік» саясаты;

国家不分大小, 应该一律平等 – Барлық

мемлекеттер үлкені де, кішісі де тең болуы керек;

建立外交关系 – дипломатиялық қатынастар орнату;

改善两国关系 – мемлекетаралық қатынастарды

жақсарту;

友好往来 – достық сапарлар; достық қарым-қатынастар;

边界谈判 – шекара мәселелері туралы келіссөз(дер);

国际法准则 – халықаралық құқық нормалары;

用和平手段解决争端 – дау-жанжалдарды бейбіт жолмен шешу;

边界冲突 – шекаралық қақтығыс; шекарадағы қақтығыс;

维护世界和平 – әлемдегі бейбітшілікті сақтау;

中国坚决反对一切形式的恐怖主义活动 – Қытай лаңкестік іс әрекеттердің барлық түрлеріне үзілді-кесілді қарсы келеді;

发展中国家 – дамушы мемлекет;

种族歧视 – нәсілдік дискриминация;

石油输出国 – мұнайды шетке шығаратын (экспорттаушы) мемлекет;

“**“南南合作”** – «Оңтүстік – Оңтүстік ынтымақтастық»

国有化 – мемлекет меншігіне айналдыру; национализация;

超级大国 – астам держава; ірі мемлекет;

瓜分世界 – әлемді бөлісу;

强权政治 – күш саясаты;

扩张主义 – экспансионизм;

军事挑衅 – әскери азғыру, провокация;

挑起冲突 – жанжалды өршіту, қасақана істеу [3, 109].

2. Дипломатиялық органдар, қызметкерлерге қатысты сөздер мен сөз тіркестері (外交机构、人员):

外交部 – Сыртқы істер министрлігі;

哈萨克斯坦驻阿拉木图市外交代表处 – ҚР СІМ-ң Алматы қаласындағы өкілдігі;

新闻司 – баспасөз (ақпарат) бөлімі;

礼宾司 – протокол бөлімі;

大使 – елшілік;

公使馆 – миссия;

总领事馆 – бас консулдық;

代办处 – сенімді өкіл кеңесі; өкілдік;

商务代表处 – сауда өкілдігі;

外交代表 – дипломатиялық өкіл, уәкіл;

大使及外交代表 – Елші дәрежесіндегі

дипломатиялық өкіл, уәкіл;

公使 – уәкіл; елші;

全权代表 – өкілетті уәкіл, өкіл;

常任代办 – тұрақты сенімді өкіл;

教廷大使 – папалық нунций;

一 (二、三) 等秘书 – бірінші (екінші, үшінші)

хатшы;

随员 – атташе;

商务 (文化) 参赞 – сауда (мәдениет) жөніндегі кеңесші;

陆军武官 – әскери атташе;

海军武官 – теңіз-әскери атташе;

总领事 – бас консул;

领事 – консул;

副领事 – вице-консул;

外交使团 – дипломатиялық корпус;

外交使团团长 – дипломатиялық корпус басшысы;

各国驻华使节 – Қытайда тіркелген әр мемлекеттердің өкілдері;

无任所大使 – ерекше тапсырма жүктелген елші. [4, 55].

3. Дипломатиялық қызмет, атқарылатын шараларға қатысты сөздер мен сөз тіркестер (外交事务、外事活动):

外交 – дипломатия, мәміле;

互相承认 – өзара мойындау, тану;

事实上承认 – шын мәнісінде тану;

法律上承认 – заң жүзінде тану;

正常化 – нормалау; нормаға түсіру;

递交国书 – сенім грамотасын тапсыру;

召回公文 – кері шақыру қағазы (грамотасы);

外交豁免 – дипломатиялық иммунитет;

受欢迎的人 – персона грата /лат.persona grata – жағымды тұлға/;

外交邮袋 – дипломатиялық пошта;

代表团 – делегация;

国事访问 – мемлекеттік сапар;

正式访问 – ресми сапар;

国宴 – мемлекеттік банкет, сыйдастархан;

招待会 – прием;

电影鸡尾酒会 – кинококтейль;

茶会 – шай; шайдастархан;

祝酒词 – құттықтау сөз; тост;

阁下 – Жоғары мәртебелі;

照会 – нота;

普通照会 – вербалды нота;

国籍 – азаматтық;

中国/哈萨克斯坦国籍 – Қазақстан азаматтығы;

国籍选择 – азаматтықты таңдау, оптация;

侨民 – елауған, эмигрант;

华侨 – қытайлық (тегі қытай) эмигрант;

签证延期 – визаны ұзарту; [4, 78].

4. Халықаралық жиналыстар, мәжілістерге қатысты сөздер мен сөз тіркестер (国际会议):

大会 – құрылтай; конгресс; ассамблея;

会议 – конференция;

圆桌会议 – дөңгелек үстел үстіндегі жиналыс;

总务委员会 – (БҰҰ) Бас комитеті;

接待委员会 – қабылдау комитеті;

正是语言 – ресми тіл;

发起国 – бастаушы мемлекет;

邀请国 – шақырушы мемлекет;

观察员 – бақылаушылар, сарапшылар;

提议 – ұсыну;

章程 – устав, статут;

规则 – ереже; регламент;

议事日程 – күн тәртібі;

附件 – (құжатқа) қосымша;

总报告 – Басты есеп, доклад;

章 – тарау;

节 – бөлім;
 条 – бап;
 原本 – түрнұсқа;
 副本 – көшірме;
 临时主席 – уақытша төраға;
 表决 – дауыс беру;
 弃权 – қалыс қалу;
 赞成票 – біреу үшін дауыс беру;
 绝对多数 – абсолюттік көпшілік;
 否决权 – вето құқығы;
 会议厅、会场 – мәжіліс, жиналыс залы;
 5. Келісімдер мен шарттар (条约、协定);
 公约 – келісім, пакт;
 公告 – мазмұндама, коммюнике;
 条约 – келісім;
 协定 – келісім;
 议定书 – хаттама;
 君子协定 – джентельмендік келісім;
 仲裁书、裁决 – арбитражды шешім;
 友好合作条约 – достық ынтымақтастық туралы келісім;
 边界条约 – шекара туралы келісім;
 文化合作协定 – мәдени ынтымақтастық туралы келісім;
 批准书 – ратификациялық құжат (ратификационная грамота);
 废除 – жою, күшін жою;
 签字 – қол қою;
 签字国 – қол қоюшы мемлекет;
 具有同等效力 – бірдей күшке ие болу (келісім туралы);
 主权国家 – егемен мемлекет;
 中立国 – бейтарап мемлекет;
 保持中立 – бейтараптықты сақтау;
 边疆 – шекаралық аудан;
 国界 – мемлекеттік шекара;
 国际水域 – халықаралық су кеңістігі, акватория [5, 11].
 Қорыта келе, қазақ және қытай тілдеріндегі

дипломатиялық терминдердің лингвистикалық сипатын саралай келе, дипломатия саласының терминдерін қолданыс аясына қарай төмендегідей топтарға бөлінеді: а) дипломатиялық тұлға және қызмет аттары; ә) мемлекеттер арасындағы дипломатиялық қатынас саласына қатысты терминдер; б) мемлекеттік құрылысты сипаттайтын терминдер, в) бір, екі немесе көп тарапты дипломатиялық құжаттар мен мәлімдемелер.

Дипломатиялық терминдердің пайда болу, жасалу жолдарына көз салатын болсақ, кірме және халықаралық сөздердің ерекше табиғатын байқамасқа болмайды. Сонымен қатар, екі тілде де аудару барысында аудару жолдарының ішінде калька кеңінен қолданылады.

Әрине екі елдің тарихи даму жағдайы, тілдің, мәдениеттің даму үрдісі мен бағыттары, ішкі және сыртқы саясаты, географиялық орналасуы тілдің лексикалық қорына өз әсірен тигізбей қоймайды. Қазақ тіліне мәселен орыс, араб, парсы тілдері әсірін тигізген десек, қытай тіліне – ағылшын, жапон, кәріс тілдері (жаңа заман тарихын қарастырдық). Осы жағдай екі тілдің айырмашылығын да анықтайды.

1. Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. – А., Ғылым, 1988
 2. Омарова М.А. Русско-казахско-китайский словарь дипломатических терминов. – А., Қазақ университеті, 2005
 3. 贝里奇编辑《外交辞典》(A Dictionary of Diplomacy)。北京大学出版社2008
 4. 本社《现代汉语分类词典》。汉语大词典出版社1999
 5. 《汉俄词典》上海外国语学院组编。夏仲毅主编。 - 北京, 商务印书馆2004
- Интернет ресурстары:
 6. ҚР СІМ ресми сайты: <http://portal.mfa.kz>
 7. ҚХР СІМ ресми сайты: <http://www.mfa.gov.cn>
 8. <http://baike.baidu.com> 《中国大百科全书》
 9. <http://www.sozdik.kz/>